



## 11 сынып ОҚЫЛЫМ

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазыңыз. Мәтін астындағы тест тапсырмаларыын орындаңыз.**

### Шоқан туралы естелік

Омбыдағы Кадет корпусында Шоқан Потанинмен (1)... болады. Потанин – қазақ халқының ауыз әдебиетін (2)... , ғалым Шоқан туралы естеліктерінде былай деп жазады: «...Мен Шоқанмен корпусқа оқуға келгенде таныстым. Ол орысша білмеді, мен қазақша білмедім. Бірақ Шоқан орыс тілін тез үйреніп алды. Екеуміз де кітап оқуды (3)... , әсіресе саяхатшылар туралы кітапқа қатты қызығатынбыз, сондықтан екеуміз жақсы дос болып кеттік.

Мен қазақ даласы мен географиясы туралы білгенімді дәптерге жазып жүрдім. Шоқан сол жазуларды өз әңгімесімен толықтырады. Сөйтіп, біз қазақтардың бүркітпен аңға шығуын толық жаздық.

Шоқан кейіннен оқуда орыс достарынан да озып кетті. Ақылды, дарынды балаға үлкендер де қызыға қарайтын. Демалыс күндері оны офицерлер мен Сібір шенеуніктері үйлеріне шақыратын. Ол қаладағы өнерлі, білімді адамдармен көп араласып тұрды.

Шоқан өте көп оқитын, саяхатшы болуды армандайтын. Қаладағы кітапханадан кітап алу сол кезде тек Шоқанға ғана рұқсат етілді. Ол әкелген (4)... мен де оқитынмын.

Біз Шоқаннан (5)... болсақ та, білім жағынан ол бізден әлдеқайда жоғары еді. Корпус оқушылары үшін Шоқан «Еуропаға ашылған терезе» секілді еді».

### Мәтінге байланысты тест тапсырмалары

#### 1. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Ш.Уәлиханов Кадет корпусында оқыды.
- B) Шоқан Потанинмен жақын жолдас болды.
- C) Потанин Шоқаннан бірнеше жас кіші болды.
- D) Екі дос саяхатшылар туралы кітаптарды көп оқитын.
- E) Шоқанға ғана қаладағы кітапханадан кітап алуға рұқсат берілді.

#### 2. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

- A) Шоқан Омбыда қайда тұрды?
- B) Шоқан кітапханада кіммен танысты?
- C) Шоқан Потанин туралы қай кітабында жазды?
- D) Шоқан саяхатқа кімдермен барды?
- E) Шоқан мен Потанин қалай дос болды?

#### 3. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Шоқан ешкімге сырын айтпайтын.
- B) Шоқан өте дарынды, алғыр еді.
- C) Шоқанның достары қазақша жақсы білді.
- D) Шоқан дарынды балаларға қызыға қарайтын.
- E) Шоқан Қашқарияға баруды армандады.

#### 4. Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- A) Шоқанның өнерлі достары өте көп.
- B) Ол білімді адамдармен жақсы таныс болатын.
- C) Шоқан қаладағы өнерлі, білімді адамдармен жақын араласты.
- D) Шоқан қаладағы өнерлі, дарынды балалармен араласып тұратын.
- E) Шоқан көп адамдардан озық болды.

#### 5. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Шоқанның орыс тілін тез меңгеруі
- B) Шоқанның саяхатшы болуды армандауы
- C) Оқу кезіндегі Шоқанның зеректік танытуы
- D) Шоқанның корпус оқушыларынан ерекшелігі
- E) Шоқанның адамдармен тез тіл табысуы



**2-тапсырма. Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.**

1	Б
2	
3	
4	
5	
6	

А) Бір күні қыз қарияға:

– Әке, маған жабық тұрған бөлмеге кіруге рұқсат етіңіз. Осы бөлме басқа бөлмелерге қарағанда, жақсырақ қой деп ойлаймын, - дейді.

– Оның дұрыс, қызым. Жақсылардың ең жақсысы сонда. Бірақ сен әлі жассың. Өскенде бұл бөлмені саған беремін. Сен оған өмір бойы риза боласың, - деп жауап қайтарады әкесі.

Ә) Қыз әкесіне жылап келіп:

Әке, сен жабық бөлмеде жақсылардың ең жақсысы бар деген едің. Мен одан ұршық, өрмек, кітаптан басқа еш нәрсе таппадым, - дейді.

Б) Баяғыда бір ақылды қарияның жалғыз қызы болыпты. Қария бірнеше бөлмелі, жарық, биік, өте әсем үйде тұрыпты. Үйінің айналасы бау-бақша екен. Қарияның кішкене қызы бақшаны, барлық бөлмелерді аралайды.

В) Қыз кірмеген жалғыз ғана бөлме қалады. Ол бөлме жабық тұрады екен.

Г) Міне, жақсылардың жақсысы деген – осылар, қызым! Ұршық пен өрмек болса, еңбегің жанады. Ал кітап оқысаң, білімің артады. Дүниеде бұдан артық жақсы жоқ. Дүниедегі мүліктің бәрі еңбекпен, біліммен табылады, - деп түсіндіреді қария.

Ғ) Ай өтеді, жыл өтеді, қыз есейіп бой жетеді. Қария қызына жабық бөлменің кілтін ұсынады. Қыз қуанып есікті ашып жібереді. Сонда оның көргені – ұршық пен өрмек және кітап. Олардан өзге түк жоқ.

**1. Бұл ертегі не туралы?**

- a) достық, шаттық
- b) сүйіспеншілік, мейірімділік
- c) еңбек, білім
- d) балалық, қулық

**2. Ертегідегі «жабық бөлме» деген не?**

- a) отбасының құпиясы
- b) әкесінің аманаты
- c) әкесінің байлығы
- d) қыздың арманы

**3. Қыздың әкесі нені армандаған?**

- a) Қызының әке жанында қалуын
- b) Қызының батыл жігітті табуын
- c) Қызының еңбекқор, білімді болуын
- d) Қызының бай болуын

**4. Қарияның еңбекқор болғаны неден көрінеді?**

- a) Қария бірнеше бөлмелі, жарық, биік, өте әсем үйде тұрыпты. Үйінің айналасы бау-бақша екен.
- b) Қария қызына жабық тұрған бөлмеге кіруге рұқсат етпейді.
- c) Қария жабық бөлмеде ұршық, өрмек және кітап сақтайды.
- d) Қария қызына дұрыс ақыл айтады.

**5. Мәтіндегі негізгі ой қандай?**

- a) Осы бөлме басқа бөлмелерге қарағанда, жақсырақ қой.
- b) Қыз кірмеген жалғыз ғана бөлме қалады.
- c) Мен одан ұршық, өрмек, кітаптан басқа еш нәрсе таппадым.
- d) Дүниедегі мүліктің бәрі еңбекпен, біліммен табылады.



11 сынып  
Лексика-грамматикалық тест

1. Омоним бола алмайтын сөз

- A) бастық
- B) көр
- C) сөз
- D) ат
- E) сол

2. Табиғат туралы мақалды табыңыз.

- A) Бір тал кессең – он тал ек.
- B) Денсаулық – зор байлық
- C) Туған жер – алтын бесік
- D) Өнер алды – қызыл тіл
- E) Ел іші - өнер кеніші

3. Мына фразеологиялық тіркестің қазақша баламасын көрсетіңіз: *делать из мухи слона*

- A) Бетегеден биік, жусаннан аласа
- B) Түймедейді түйедей ету
- C) Кімнің тарысы піссе, соның тауығы
- D) Сұрай-сұрай Меккені де табады
- E) Асқар тау

4. Қазақша баламасы жоқ интернационалдық терминді көрсетіңіз.

- A) комплекс
- B) космос
- C) ракета
- D) глобус
- E) музей

5. Синоним сөздерді табыңыз.

- A) қой, ешкі
- B) алды-арты
- C) жүзік, алқа
- D) бала, туыс
- E) ақылдасу, кеңесу

6. Айтылуда өзгеріске түсетін сөз

- A) ақ ешкі
- B) терең ой
- C) дыбыс
- D) бақ қону
- E) синоним

7. Жалпылауыш сөзге байланысты қойылған тыныс белгісін табыңыз.

- A) Жанат орын ұсынып еді, - отырған жоқ.
- B) Балалар, аманбысың, шырақтарым.
- C) Ата қоныс – ата мекен.
- D) Үш - ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.
- E) Ол ол ма, одан да бетері бар.

8. Ілгерінді ықпалды табыңыз.

- A) мәдениет
- B) жанбады
- C) добым
- D) машина
- E) Қамысбай

9. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемді табыңыз.

- A) Бұл жердің дәнін мен сепкендіктен, өзгеңнен гөрі менің жаным қатты ауырды.
- B) Сізден сұрайтынымыз мынау: бізге қамқоршы болыңыз.
- C) Олар қыстаудан шықпайды, өйткені төлді қорада ұстау керек.
- D) Мал өріске қарай шұбатыла жөнелді.
- E) Асқар бұл сұраққа жауап таба алмай, ұзақ үнсіз отырды.

10. Одағайды табыңыз.

- A) мүмкін
- B) сірә
- C) құрау-құрау
- D) тарс
- E) әрине



**11. Жалпылау есімдігі қатысқан сөйлемді табыңыз.**

- A) Ешкімге тіл қатушы болма.
- B) Саған тай сатып әперемін.
- C) Өзің үлкен, қылығың-бала-шаға
- D) Еріншектік –күллі дүниедегі өнердің дұшпаны
- E) Әрбір жинақылықтың түбі - кеніш

**12. Үтірдің қойылу себебі, дұрысын белгілеңіз. Менің ұғуымша, терең сын.**

- A) еліктеу
- B) одағай
- C) қаратпа
- D) қыстырма
- E) шылау

**13. Қажетті сөзді табыңыз.**

*Қазақ тілі мемлекеттік тіл екен, ... оны еліміздің әр азаматы білуге міндетті.*

- A) егер
- B) сондықтан
- C) себебі
- D) әйтпесе
- E) бірақ

**14. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді көрсетіңіз.**

- A) Абай былай деді: “Баланың жақсысы – қызық, жаманы - күйік”.
- B) Абай былай деді “Баланың жақсысы – қызық, жаманы - күйік”.
- C) Абай былай деді – Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік.
- D) Абай былай деді – “Баланың жақсысы – қызық, жаманы - күйік”.
- E) Абай былай деді “Баланың жақсысы қызық, жаманы күйік”.

**15. Жақты сөйлемді көрсетіңіз.**

- A) Енді сізге айтуға тура келді.
- B) Біздің ашық сөйлесуіміз керек.
- C) Ол дос жүрегіне сенеді.
- D) Нені айтып отырғанын түсініп болмайды.
- E) Менің айтқаным келді.

**16. Алматы және Талдықорған өңірлерінің атауын табыңыз.**

- A) Солтүстік Қазақстан
- B) Күріштің отаны
- C) Сарыарқа
- D) Жібек жолы
- E) Жетісу

**17. Мемлекеттік тудағы көк түс ненің белгісі екенін белгілеңіз.**

- A) тыныштықтың, бейбітшіліктің
- B) адалдықтың, тазалықтың
- C) жамандықтың, бейбітшіліктің
- D) қуаныштың, шаттықтың
- E) еркіндіктің, бақыттың

**18. Қазақ драма театрының ең бірінші қойған пьесасын табыңыз.**

- A) «Ревизор»
- B) «Айман-Шолпан»
- C) «Еңлік-Кебек»
- D) «Абай»
- E) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»

**19. Барсақалмес қорығы қайда орналасқанын көрсетіңіз.**

- A) Қапшағай теңізінің қасында
- B) Оңтүстік Қазақстан облысында
- C) Торғай облысында
- D) Арал теңізінің қасында
- E) Семей облысында

**20. Музыкалық аспапты жасайтын адамды белгілеңіз.**

- A) дәрігер
- B) шебер
- C) сәулетші
- D) зергер
- E) ұста



**11 сынып**  
**Эссе тақырыптары**

1. Халықтар достығы дегеніміз не?
2. Ұялы телефон қолданудың жағымды және жағымсыз жақтары
3. Мен мемлекетімнің гүлденуі үшін не істей аламын?

